

## №4 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: 28 мамыр

Қатысқандар: Барлық педагогтер

**Тақырыбы: «Бөбекжайдың жылдық жұмыс қорытындылары»**

**Мақсаты:** Жылдық жоспардың тапсырмасын орындау үшін, жыл бойы атқарылған жұмыстарды талқылау, анықтау.

**Күн тәртібінде:**

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы
2. Бөбекжайдың жылдық жұмыс нәтижесі
3. Ата-аналардың бөбекжай жұмысына қанағаттанушылығы туралы сауалнама қорытындысы
4. Аттестациядан өтетін педагогтердің шешімі
5. Жаз кезеңіне арналған жұмыс жоспарымен танысу, бекіту

**Талқылау:**

Әдіскер өткен педагогикалық кеңесте қаралған шешімдердің түгелдей орындалғанын баяндады. Біліктілікті арттыру курстарын қатысқан педагогтер: Утембаева Н.А., Женбаева Г.Д., Вашкеба Е.Н., Хуат С., Христич М.В.. Педагогтер жыл бойғы жұмыстарын саралап, қорытынды көрмеде өз әдістемелік тәжірибелерін ұсынды.

Әдіскер Хуат С. мекеменің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысына қорытынды жасады. Жыл бойы бекітілген жылдық жоспар толық орындалған, білім беру процесі жүйелі жүргізілген. Тәрбие мен оқытуда жаңа әдіс-тәсілдер қолданылып, педагогтардың кәсіби шеберлігі артты.

Педагогтер ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін таныстырды. Сауалнамаға 95% ата-ана қатысқан. Жалпы ата-аналардың 90%-ы бөбекжай жұмысына толық қанағаттанатындықтарын білдірген, қалған бөлігі кейбір ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіру қажеттігін көрсеткен. Тәрбиеші мектепке кететін балалардың білім, сөйлеу, логикалық ойлау, ұсақ моторика және мінез-құлықтық дағдылар бойынша дайын екендігін баяндады. Әр балаға жеке мінездеме жасалып, мектепке баруға толық мүмкіндік беретін даму көрсеткіштері анықталған.

Дене шынықтыру нұсқаушысы сауықтыру іс-шараларының жүйелі жүргізілгенін, балалардың денсаулығында оң өзгерістер байқалғанын мәлімдеді. Таңертеңгілік жаттығулар, таза ауада серуендеу, дәстүрлі қозғалыс ойындары тұрақты жүргізілген.

Тәрбиешілер балалардың сөздік қоры, сөйлеу мәдениеті мен байланыстырып сөйлеу дағдыларының артуына арналған жұмыстардың нәтижелі жүргізілгенін баяндады. Тақырыптық әңгімелер, көркем әдебиет оқу, сахналау, сұрақ-жауап әдістері жиі қолданылған.

Әдіскер жазғы кезеңге арналған сауықтыру, ойын-сауық, танымдық және шығармашылық бағыттағы жоспарды таныстырды. Жоспар балалардың қызығушылығы мен жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылған. Кеңес мүшелері жоспарды бірауыздан бекітті.

Жыл бойына ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша қорытынды анықтама ұсынылды. Бұл анықтамаға ашық сабақтар, мерекелік ертеңгіліктер, байқаулар, ата-аналармен кездесулер кіреді. Қатысушылар бұл жұмыстың тәрбиелік және білімдік мәнін жоғары бағалады.

### **Шешім:**

1. Жылдық жұмыс қанағаттанарлық деп танылып, келесі оқу жылына даму бағыттары белгіленсін.
2. Ата-аналар пікірлерін ескере отырып, кері байланысты күшейту жолдары қарастырылсын.
3. Сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жалғассын, жаз мезгілінде белсенді түрде ұйымдастырылсын.
4. Жазғы жұмыс жоспары бекітілсін, барлық педагогтар жоспарға сәйкес жұмыс жүргізсін.
5. Іс-шаралардың қорытынды анықтамасы бөбекжайдың жылдық есебіне енгізілсін.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:**

**Педагогикалық кеңес хатшысы:**



**Демеуова Ж.**

**Хуат С.**